ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

15 тамыз 2024 жыл №2713-24-00-2/1738 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Р.Есжанов
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Сариева Жадра Малдыбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚР АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Сариева Жадра Малдыбаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Сариева Жадра Малдыбаевнадан талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің пайдасына тұрақсыздық айыбы 910 (тоғыз жүз он) теңге 44 (қырық төрт) тиын өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Сариева Жадра Малдыбаевнадан мемлекет кірісін 1 873 (бір мың сегіз жүз жетпіс үш) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 15.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.10.2024, судья Есжанов С. Р., 18.10.2024
2713-24-3-1/1847

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Сот шешіміне осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Есжанов С.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 15.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.10.2024, судья Есжанов С. Р., 18.10.2024

2713-24-3-1/1847